

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін жазылған **Гульсара Сериковна Таженованың** «*Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық - педагогикалық шарттары*» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

Бауырлас Қазақ Елінің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында адами капитал сапасын жақсарту мәселесіне тоқталып: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өздігінен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», - деп, сыни ойлау қабілеті мен шығармашылық дағдысы дамыған болашақ мамандарды даярлаудың маңыздылығына ерекше тоқталып өтеді.

Мен бұл идеяның қаншалықты маңызды екендігін түсінемін, әрі масс-медиа арқылы кедергісіз таралып жатқан, бүгінгідей ақпараттық кезеңде жастарымыздың қандай да бір ақпаратты, медиа өнімдерін сыни тұрғыда талдап барып қабылдауға, сыни ойлау дағдысының дамуына күш салуы қажет екендігі айқын. Өйткені, сыни ойлау – бұл өзгелердің пікірі мен мінез-құлық үлгілерін талдауға, бағалауға мүмкіндік беретін, жаңа, толық мәндегі деректерді ұсынып, тәуелсіз түрде шешім қабылдауға жағдай жасайтын адамның ақыл-ой әрекетінің ерекше түрі болып саналады. Аталған мәселеге белсенді қызығушылық пен қажеттілік байқалып отырғандығына байланысты өз жетекшілігімдегі докторант Гульсара Сериковнаның тақырып таңдаудағы қадамын оң бағалаймын.

Медиа - болашақ мамандардың білім алуында, өздігінен ізденулеріне, әртүрлі ақпараттарды жинақтап, оларды сыни тұрғыдан талдай алуында өзіндік маңызды рөл атқарады. Медиаөнімдерін сауатты пайдалану үшін арнайы білім, нақтырақ айтсақ, «медиабілім» қажет етіледі. Осыған орай жоғары оқу орнындағы болашақ мамандарды даярлау үдерісінде студенттердің медиаөнімдерді саралай білуге және ақпараттық сауаттылыққа баулу, медиамәтіндерді сыни тұрғыда талдау және қабылдау дағдыларын дамыту - бүгінгі қоғамға қажетті, бәсекеге қабілетті маман тұлғасын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Осы орайда, Таженова Гульсара Сериковнаның «*Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары*» атты диссертациялық жұмысы заман талабына сәйкес қарастырылып отырған, білім және ғылым саласындағы өзекті мәселелердің қатарына жатады.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының көкейкестілігі жан-жақты ашылған, зерттеу мақсаты мен міндеттері шешімін тапқан еңбек деп санауға болады.

байланыстағы психологиялық-педагогикалық шарттарды кешенді негізделуімен дәйектеледі.

3.4. «*Медиабілім негіздері*» атты элективті курсының мазмұнының түзіліп, бағдарламасының жасалуы, медиабілім сабақтарын ұйымдастырудағы жаңашылдық әдістер мен технологияларды оңтайлы пайдалану арқылы болашақ педагогтардың медиақұзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін арттыратын практикалық құралдың жасалып тәжірибеден өтуі төртінші нәтиженің *негізділігі* мен *шынайылығын* көрсетеді.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.

Зерттеудің ғылыми нәтижелері және жасалған тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен сипатталады.

4.1. *Бірінші нәтижеге* – қол жеткізу үшін диссертант зерттеу мәселесіне қатысты отандық, шет елдік еңбектерді зерделеген. Соның нәтижесінде зерттеу мәселесінің тірек ұғымдары болып табылатын «ақпарат», «ақпараттық қоғам», «медиа», «медиабілім» түсініктерінің осы жұмыс аясында нақтыланған сипаттамасы беріліп отырғандықтан **жаңа** болып табылады.

4.2 Бұған дейінгі зерттеулерде қарастырылмаған «студенттердің медиақұзыреттілігі» ұғымының мәні ашылып, өзіндік нақтыланған анықтамасы беріліп, құрылымы және қызметінің нақтылануы *екінші нәтиженің жаңалығын* көрсетеді.

4.3. *Үшінші ғылыми нәтиже жаңа*, өйткені, студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыруды нәтижелі ететін психологиялық – педагогикалық шарттар ұсынылып, ғылыми тұрғыда негізделіп тәжірибеден өткен.

4.4. Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған, элективті курстың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыста дәлелденіп, жоғары оқу орындары оқытушылары, сондай - ақ практик мамандардың тәжірибеде қолдануларына болатын практикалық құрал әзірленіп педагогикалық жұртшылыққа алғаш ұсынылуын *төртінші нәтиженің жаңалығы* деп санаймын.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеу жұмысы нәтижелерінің ішкі бірлігі сақталған, ғылыми-теориялық, әдістемелік ой-тұжырымдар бірін-бірі толықтыра, сабақтастырыла баяндалған. Алынған нәтижелер қойылған болжамды растап, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін толық шешкендігін көрсетеді.

Ізденушінің «Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары» атты зерттеу жұмысы - мақсат өресінен шыға білген, алынған нәтижелер қойылған болжамды растап, толық аяқталған ғылыми маңыздылығы жоғары еңбек деп есептеймін.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, әдістемелік ұсынылымдар орта, арнаулы және жоғары мектеп оқытушылары және білім саласы мамандарына медиақұзыреттіліктің мәнін түсініп, жастарды медиаөнімдерді саналы пайдалануға тәрбиелеуде басшылыққа алуда көмегін тигізеді деп есептеймін.

Сонымен қатар, алынған нәтижелер педагогика мен психология ғылымдары, сондай-ақ медиа білім беру бағытының дамуы үшін аса маңызды деп санаймын.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.

Диссертация жұмысының қағидалары мен нәтижелері және тұжырымдары мен қорытындылары мазмұндалған ғылыми мақалалары шетелдік импакт - факторы бар ғылыми басылымдарда және ҚР Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік және Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған. Зерттеу тақырыбы бойынша диссертанттың жалпы саны 22 ғылыми мақаласы, ЖОО оқытушыларына арналған 1 оқу-әдістемелік құрал жарық көрген.

8. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер. Диссертацияның жоғарыда келтірілген теориялық және практикалық құндылығын бағалай отырып, дегенмен жұмыстың мазмұны мен рәсімделуінде кейбір кемшіліктер де кездесетіндігін атап өтеміз.

1. Эксперименттік жұмысты педагогикалық емес мамандықтарда да ұйымдастыру ойластырылса, салыстырмалы қорытынды жасауға болған болар еді.

2. Мәселенің зерттелу деңгейін отандық ғалымдардың еңбектерінің негізінде тереңірек аша түсу жұмыстың құндылығын арттыра түсер еді.

3. Диссертацияда ішінара техникалық олқылықтар кездеседі.

Алайда, аталған кемшіліктер жұмыстың жалпы теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді. Оларды ұсыныс ретінде қарауға болады.

9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Таженова Гульсара Сериковнаның 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу

үшін ұсынылған «Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары» атты диссертациясы дер кезінде орындалған, аяқталған, диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп есептеймін.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық құндылығын атап өте отырып, философия докторы (Ph.D) дәрежесінің берілуі үшін Гүльсара Сериковна Таженованың «Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы жұмысын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша құрылған Диссертациялық Кеңесінде қорғауға ұсынамын.

Шетелдік ғылыми кеңесші, доктор
Гази университетінің профессоры
Түркия (Анкара қ.),



Хаяти Акиол